e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 29.10.2026
Сақтау күні 03.11.2026
Дата редакции 29.10.2026
Дата скачивания 03.11.2026

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы агенттігі

Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының м.а. 2026 жылғы 29 қазандағы № 128-н/қ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 қазанда № 40267 болып тіркелді

Агентство Республики Казахстан по атомной энергии

Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау қағидаларын бекіту туралы

«Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Атомдық қадағалау және бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің төрағасының міндетін атқарушы **Т. Жантикин**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 29.10.2026
Сақтау күні 03.11.2026
Дата редакции 29.10.2026
Дата скачивания 03.11.2026

Қазақстан Республикасының
Атом энергиясы жөніндегі
агенттігінің төрағасының
міндетін атқарушы
2026 жылғы 29 қазандағы
№ 128-н/қ бұйрығымен
бекітілген

Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 28) тармақшасына сәйкес әзірленді және атом саласын дамыту мақсатында атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау және атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу тәртібін белгілейді.

2. Заңның 25-1-бабының 3-тармағына сәйкес атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымын (бұдан әрі – ғылыми-техникалық қолдау ұйымы):

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – атом саласын дамыту мақсаттары үшін;

2) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау органы (бұдан әрі – бақылау және қадағалау органы) – атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін айқындайды.

Ғылыми-техникалық қолдау ұйымы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген тиісті мемлекеттік органның (бұдан әрі – тиісті мемлекеттік орган) шешімімен осы Қағидалардың 2-тарауында көзделген тәртіппен айқындалады.

2-тарау. Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау тәртібі

3. Атом саласын дамыту мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде мынадай өлшемшарттарға бір мезгілде сәйкес келетін:

1) атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын;

2) жұмыскерлерінің құрамында атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет бағыттары бойынша білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі бар мамандары болатын;

3) өзіне жүктелетін функцияларды орындау үшін ұйымдастырушылық, қаржылық, материалдық-техникалық ресурстарға ие;

4) атом энергиясын пайдалану саласында сараптамалық не талдамалық жұмыстарды орындаудың құжатпен расталған тәжірибесі бар;

5) орындалатын жұмыстардың объективтілігін қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысын болғызбау жөніндегі шараларды белгілейтін ішкі ұйымдастырушылық құжаттары бар заңды тұлға айқындалады.

4. Атом саласын дамыту мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау үшін заңды тұлға осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкестігін растайтын, сондай-ақ Заңның 25-1-бабының 8-тармағында көзделген функцияларды орындау мүмкіндігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

5. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде мынадай өлшемшарттарға бір мезгілде сәйкес келетін:

1) атом энергиясын пайдалану және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде қызметті жүзеге асыратын;

2) жұмыскерлерінің құрамында атом энергиясын пайдалану және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы қызмет бағыттары бойынша білімі, біліктілігі және жұмыс тәжірибесі бар мамандары болатын;

3) жүктелетін функцияларды орындау үшін материалдық-техникалық базасы бар;

4) атом энергиясын пайдалану және (немесе) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу саласында ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, сараптамалық не талдамалық жұмыстарды орындаудың құжатпен расталған тәжірибесі бар;

5) ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлігі бар;

6) орындалатын жұмыстардың объективтілігін қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысын болғызбау жөніндегі шараларды белгілейтін ішкі ұйымдастырушылық құжаттары бар заңды тұлға айқындалады.

6. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау үшін заңды тұлға Заңның 25-1-бабының 4-тармағында көзделген функцияларды орындау үшін белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін растайтын мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

7. Заңда және оны айқындау туралы бұйрықта көзделген ғылыми-техникалық қолдау ұйымының функцияларын ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындалған заңды тұлғаның өзі тікелей жүзеге асырады.

8. Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымының функцияларын жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысын туындататын немесе туындатуы мүмкін мән-жайлар болған кезде осындай мән-жайлардың сипатын көрсете отырып, бақылау және қадағалау органын дереу хабардар етеді.

Бақылау және қадағалау органы аталған мәселе бойынша шешім қабылдағанға дейін атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу мақсаттары үшін ғылыми-техникалық қолдау ұйымы қарау кезінде мүдделер қақтығысы туындайтын материалдарға, құжаттарға, ұйымдарға және (немесе) мәселелерге қатысты функцияларды жүзеге асырмайды.

9. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымының функцияларын жүзеге асырудың объективтілігіне әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы болған кезде, тиісті мемлекеттік орган мұндай мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде дереу шаралар қабылдайды.

10. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындауды тиісті мемлекеттік орган осы Қағидалардың 12-тармағында көзделген тәртіппен тиісті мемлекеттік

орган жариялаған өтініштерді қабылдау кезеңінде келіп түскен заңды тұлғаның осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген өтінішін қарау нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

11. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау қажеттілігі туындаған кезде тиісті мемлекеттік орган өзінің интернет-ресурсында ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындау үшін заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау туралы хабарландыру орналастырады.

Хабарландыруда:

1) ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау мақсаты;

2) өтініштерді қабылдаудың басталу және аяқталу күні;

3) құжаттарды ұсыну тәсілі мен орны;

4) өзге де ақпарат көрсетіледі.

12. Өтініштерді қабылдау мерзімі хабарландыруда көрсетілген өтініштерді қабылдау басталған күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

Өтініштерді қабылдау мерзімі басталғанға дейін не аяқталғаннан кейін келіп түскен өтініштер қайтару себебі көрсетіле отырып, заңды тұлғаға қаралмай қайтарылады.

13. Өтінішке заңды тұлғаның осы тарауда белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін растайтын мәліметтер мен құжаттар қоса беріледі.

14. Қабылдау кезеңінде келіп түскен өтініштерді қарау мерзімі өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды.

15. Өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік орган ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толықтығын тексереді.

16. Ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің толық еместігі және (немесе) өтініштің осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысанға сай келмеуі анықталған кезде, тиісті мемлекеттік орган заңды тұлғаға жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну және (немесе) өтінішті сәйкес келтіру туралы хабарлама жібереді.

Хабарламада жетіспейтін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі, сондай-ақ оларды ұсыну мерзімі көрсетіледі.

17 Заңды тұлға жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаған және (немесе) хабарламада белгіленген мерзімде өтініштегі анықталған сәйкессіздіктерді жоймаған жағдайда, өтініш қайтару себебі көрсетіле отырып, қараусыз заңды тұлғаға қайтарылады.

Өтініштің қайтарылғаны туралы заңды тұлғаға жазбаша түрде хабарланады.

18. Өтінішті қарау кезінде тиісті мемлекеттік орган заңды тұлғаның осы тарауда белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін оның өтініші және ұсынылған мәліметтер мен құжаттар негізінде белгілейді.

19. Өтінішті және ұсынылған мәліметтер мен құжаттарды қарау нәтижелері бойынша тиісті мемлекеттік орган осы Қағидаларда белгіленген заңды тұлғаның өлшемшарттарға сәйкестігін бағалау нәтижелерін қамтитын материалдарды ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына дайындайды.

20. Комиссия заңды тұлғаларды ғылыми-техникалық қолдау ұйымдары ретінде айқындау мәселелерін қарау мақсатында тиісті мемлекеттік орган құратын алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

21. Комиссия құрамына тиісті мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдері және тәуелсіз сарапшылар кіреді. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда Комиссия мүшесі мәселені қарауға және ол бойынша дауыс беруге қатыспайды. Мұндай қатыспау туралы мәліметтер Комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

22. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрайды және 15 (он бес) адамнан аспайды. Комиссия құрамына төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және хатшы кіреді.

23. Комиссия отырысына оның мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан жағдайда, отырыс заңды деп есептеледі.

24. Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады, қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді және Комиссия отырысын ұйымдастырады.

Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие болмайды.

25. Комиссияның құрамы мен оның жұмыс тәртібі тиісті мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен бекітіледі.

26. Комиссия өтінішті, заңды тұлға ұсынған құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ тиісті мемлекеттік орган дайындаған материалдарды қарайды.

Қарау нәтижелері бойынша Комиссия дауыс беру арқылы мынадай ұсынымдардың бірін қабылдайды:

1) заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындауды ұсыну;

2) заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындаудан бас тартуды ұсыну.

Комиссия отырысына Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде ол заңды деп есептеледі. Комиссияның ұсынымы қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады және Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

Дауыстар тең болған кезде Комиссия отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Хаттамада мәселені қарау және Комиссия мүшелерінің дауыс беру нәтижелері көрсетіледі.

27. Заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындаудан бас тарту үшін мыналар:

1) заңды тұлғаның осы тарауда белгіленген бір немесе бірнеше өлшемшартқа сәйкес келмеуі;

2) заңды тұлға ұсынған мәліметтердің анық еместігінің анықталуы;

3) заңды тұлғаның ғылыми-техникалық қолдау ұйымының функцияларын орындау үшін қажетті қызметті жүзеге асыруына тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

4) заңды тұлғаның таратылу процесінде болуы не оны банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуы;

5) заңды тұлғаның «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-1-бабының 2-тармағында көзделген басқа бағыт бойынша ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындалуы негіз болып табылады.

28. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша және Комиссияның ұсынымын ескере отырып, тиісті мемлекеттік орган заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындау не айқындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындау туралы шешім тиісті мемлекеттік орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

29. Заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындаудан бас тартқан кезде тиісті мемлекеттік орган заңды тұлғаға бас тарту негізін көрсете отырып, дәлелді хабарлама жібереді.

30. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау туралы ақпарат тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орналастырылады.

31. Ғылыми-техникалық қолдау ұйымын айқындау кезінде тиісті мемлекеттік органның шешімдеріне және (немесе) әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

32. Тиісті мемлекеттік орган ғылыми-техникалық қолдау ұйымының осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмейтіні туралы фактілерді анықтаған кезде, тиісті мемлекеттік орган заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындауды тоқтату туралы шешім қабылдайды және ол қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы тиісті заңды тұлғаға жазбаша хабарлайды.

33. Заңды тұлғаны ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде айқындауды тоқтату туралы ақпарат тиісті мемлекеттік органның интернет-ресурсында бұйрық шығарылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде орналастырылады.

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 29.10.2026
Сақтау күні 03.11.2026
Дата редакции 29.10.2026
Дата скачивания 03.11.2026

Атом энергиясын пайдалану саласындағы
ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын
айқындау қағидаларына
қосымша

Нысан

_____

мемлекеттік органның
атауы

ӨТІНІШ

Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымы ретінде

_____

(заңды тұлғаның атауы)

_____

(атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік реттеу/атом саласын дамыту) мақсаттары үшін айқындауды сұраймын.

Осы өтінішке заңды тұлғаның Атом энергиясын пайдалану саласындағы ғылыми-техникалық қолдау ұйымдарын айқындау қағидаларында белгіленген өлшемшарттарға сәйкестігін растайтын мәліметтер мен құжаттар қоса беріледі.

(қолы) (күні)

Өтініш нысанына
қосымша

Өтінішке мәліметтер мен құжаттар

1. Ұйымның толық атауы:

2. Бизнес сәйкестендіру нөмірі:

3. Заңды мекенжайы:

4. Қызметінің негізгі бағыттары:

5. Басшы туралы мәліметтер:

6. Кадр құрамы туралы мәліметтер:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

2) білімі;

3) біліктілігі;

4) жұмыс тәжірибесі.

7. Материалдық-техникалық база және ресурстар туралы мәліметтер:

8. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық, сараптамалық не талдамалық жұмыстарды орындау тәжірибесі туралы мәліметтер:

9. Ядролық қауіпсіздік және (немесе) радиациялық қауіпсіздік және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы мәліметтер:

10. Мүдделер қақтығысын болғызбау жөніндегі ішкі рәсімдердің болуы туралы мәліметтер.

11. Ұсынылған мәліметтерді растайтын қоса берілетін құжаттардың тізбесі.